



**Нұр-Сұлтан қаласы**

**2021 жылғы 7-9 маусымда**

### **Баспасөз хабарламасы**

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Менің Отаныма – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауын 2020 жылғы 7-9 маусымда онлайн-режимде ZOOM интернет-платформада өткізеді.

Дарынды балаларды анықтауға және қолдауға бағытталған балалар мен жастардың бастамаларын дамытуға ықпал ету Байқаудың мақсаты болып табылады.

Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – байқаудың облыстық, (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Байқауға қатысушылардың жалпы саны – 170 адам.

Байқауға «Өз жылуыңмен бөліс», «Туған қалаға – игілікті істер», «Мен – Қазақстанның азаматымын», «Медиа жобалар», «Менің кіші Отаным», «Қазақстанның жеті кереметі», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Жаңғырту полюсі», «Киіз үй – ғаламның моделі» номинациялары бойынша әлеуметтік және шығармашылық жобалар ұсынылатын болады.

Байқау жастардың азаматтық белсенділігі мен жауапкершілігін қалыптастыру, «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі құндылығын, «тең-теңімен» қағидасын, бәсекелестіктің салауатты рухы, әлеуметтік мәселелерді шешуге практикаға бағытталған көзқарасты ілгерілетуге бағытталған.

Байқауды өткізу балалар мен ересектердің бірлескен іс-әрекеті жандандыруға, әртүрлі құрылым өкілдерімен диалог құруға, команда құру дағдыларын игеруге, жобаны әзірлеу, таныстыру және басқарудың практикалық тәжірибесін алуға мүмкіндік береді.

«Менің Отаныма – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауы жобалық қызметті танымал етуге, дарынды балаларды анықтауға, олардың шығармашылық бастамаларын қолдауға және ынталандыруға ықпал ететін болады.

Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері – алғыс хаттар, барлық қатысушылар – сертификаттар алатын болады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 64 27 31, e-mail: rumcdo\_socped2020@bk.ru.